

«Астана медицина университеті» ҚеАҚ

**Үздіксіз кәсіби даму және қосымша білім беру шеңберінде біліктілікті арттыру және
қайта даярлау циклдарының тыңдаушыларына арналған
АНЫҚТАМАЛЫҚ-ЖОЛ КӨРСЕТКІШ**

**«Астана медицина университеті» ҚеАҚ
Үздіксіз кәсіптік білім беру институты**



Астана қ. 2024 ж.

Мазмұны

	ГЛОССАРИЙ	3
1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	6
2.	ҮЗДІКСІЗ КӘСПТІК БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ	7
3.	УНИВЕРСИТЕТТЕГІ ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ	8
4.	ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ, ТЫҢДАУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	10
5.	ОҚУ АҚЫСЫН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ	11
6.	БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ	12
7.	БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ	13
8.	ОҚУ ҮДЕРІСІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ	14
9.	БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ БАСТАПҚЫ, АҒЫМДАҒЫ, МЕЖЕЛІК ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ	15
10.	АПЕЛЛЯЦИЯ	16
11.	ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ БАҒАЛАУ ТӘРТІБІ	17
12.	ТЫҢДАУШЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ	18
13.	МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	18
14.	САЙТ	18
15.	ТЫҢДАУШЫЛАРМЕН КЕРІ БАЙЛАНЫС	19
16.	«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ КОРПУСТАРЫ ОРНАЛАСҚАН МЕКЕНЖАЙЛАР	20

ГЛОССАРИЙ

Осы Жол көрсеткіште келесі негізгі ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

Академиялық сағат – оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі;

Аудиториялық жұмыс – бұл білім беру ұйымында оқытушы-профессорлар құрамның тікелей басшылығымен орындалатын тыңдаушылардың оқу іс-әрекетінің бір түрі;

Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі – халықаралық практикада қабылданған цифрлық баламасы бар әріптік жүйеге сәйкес келетін және тыңдаушының рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін оқу жетістіктерінің деңгейін баллмен бағалау жүйесі;

Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша білім беру (бұдан әрі – ҚБ) – кәсіптік білімді, іскерліктер мен дағдыларды қолдау, кеңейту, тереңдету және жетілдіру, сондай-ақ жаңа (қосымша) құзыреттерді игеру үшін денсаулық сақтау кадрларының білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын оқыту процесі;

Маманның үздіксіз кәсіби дамуы жүйесіндегі сынақ бірлігі (бұдан әрі – СБ) – кәсіби қызметтің белгілі бір кезеңінде үздіксіз кәсіби дамуға ықпал ететін іс-шараларға маманның қатысу көлемін өлшеудің бірыңғай шартты бірлігі;

Білім беру бағдарламалары каталогының ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – Каталог) – Денсаулық сақтау саласындағы қосымша және бейресми білім берудің барлық білім беру бағдарламаларын есепке алудың бірыңғай ақпараттық ортасын қалыптастыруға және өзектендіруге арналған автоматтандырылған ақпараттық платформа;

Бағалау критерийлері – оқу нәтижелерінің құзыреттілікке қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау бойынша шешім қабылдауға арналған модульдер бойынша оқу қызметінің негізгі түрлерінің тізбесі;

Кредиттік оқыту технологиясы (бұдан әрі – КОТ) – академиялық кредиттерді жинақтай отырып, тыңдаушының пәндерді және (немесе) модульдерді оқу кезектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқыту;

Үздіксіз кәсіптік дамыту (бұдан әрі – ҮКД) – қосымша және бейресми білім беру, кәсіптік білім мен дағдыларды жетілдіруге, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың қосымша құзыреттерін игеруге бағытталған кәсіптік даму, құзыреттілік деңгейі, практикалық жұмыс өтілі бойынша өзге де іс-шаралар;

Формальды емес білім беру (семинарлар, вебинарлар, мастер-кластар, тренингілер, тағылымдамалар және т. б.) – оқу нәтижелерін растайтын құжатты бере отырып, оқу орны мен нысанын есепке алмай білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жүзеге асыратын білім беру түрі;

Білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – ББ) – оқытудың мақсаттарын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені;

Бағалау жөніндегі ұйым – білім алушылардың, кәсіптік даярлық түлектерінің және денсаулық сақтау саласындағы мамандардың білімі мен дағдыларын бағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган аккредиттеген ұйым;

Салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі – СБШ) – салада танылатын деңгейлердің біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

ББ паспорты – бағдарламаның қысқаша сипаттамасы, оның ішінде: оқыту нәтижелері, бағалау әдістері, білім беру бағдарламаларының деңгейлері, салалық біліктілік шеңбері, сондай-ақ кредиттердегі/сағаттардағы көлемге және оқыту тіліне қатысты мәліметтер, әзірлеуші ұйымның атауы;

Біліктілікті арттыру (бұдан әрі – БА) – бұрын алған кәсіптік білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге, сондай-ақ негізгі мамандық ішінде жаңа (қосымша) құзыреттерді игеруге мүмкіндік беретін қосымша білім беру нысаны;

Кәсіби стандарт – кәсіптік қызметтің нақты саласында біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайына қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

Бейіндік маман (бұдан әрі – БМ) – жоғары медициналық сертификаты бар, белгілі бір мамандық бойынша сертификаты бар медицина қызметкері;

ББ әзірлеу – оқу нәтижелерін және тиісті еңбек шығындарын, оқу қызметінің түрлерін, оқыту әдістері мен бағалау рәсімдерін/критерийлерін көрсете отырып, білім беру бағдарламасын және оның компоненттерін жоспарлау;

Оқыту нәтижелері – қосымша және формальды емес білім берудің білім беру бағдарламасы шеңберінде игерілген кәсіби құзыреттіліктердің білімі мен дағдыларын оң бағалаумен расталған нәтиже;

Сертификаттау курсы (бұдан әрі – СК) – негізгі білім беру шеңберінде арнайы сала мамандығы бойынша қосымша кәсіптік білімді, іскерліктер мен дағдыларды кеңейтуге, тереңдетуге және қалыптастыруға бағытталған қосымша білім беру нысаны;

Тыңдаушы – қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымға оқуға қабылданған тұлға;

Тағылымдама – теориялық даярлық негізінде алынған кәсіптік білімді, машықтар мен дағдыларды қалыптастыруға және практикада бекітуге, сондай-ақ жұмыстың ерекшелігін, одан әрі кәсіптік қызмет үшін озық тәжірибені зерделеуге бағытталған формальды емес білім беру нысаны;

Оқу-әдістемелік құжаттама (бұдан әрі – ОӘҚ) – бұл мамандық немесе кәсіп бойынша негізгі кәсіптік білім беру бағдарламасына кіретін пәннің материалын тыңдаушылардың тиімді меңгеруіне және жүзеге асыруына ықпал ететін оқу-әдістемелік материалдардың жиынтығы;

Оқу-әдістемелік бірлестіктер (бұдан әрі – ОӘБ) – әртүрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша ұсыныстар мен нұсқаулар енгізу үшін салалық белгі бойынша білім беру процесі субъектілерінің (мамандықтар, пәндік топтар) бірлестіктері;

Тыңдаушылардың оқу жетістіктері – оқу процесінде алған және жеке тұлғаның қол жеткізілген даму деңгейін көрсететін тыңдаушылардың білімдері, біліктері, дағдылары мен құзыреттіліктері;

Сараптама ұйымы (бұдан әрі – СҰ) – денсаулық сақтау саласындағы білім беру және ғылым ұйымдары іске асыратын денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білім беру бағдарламаларына сараптаманы жүзеге асыру үшін медициналық және фармацевтикалық білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйым.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Анықтамалық-жол көрсеткіш – «АсМУ» КеАҚ үздіксіз кәсіптік білім беру институтының күндізгі және қашықтықтан оқыту тыңдаушылары үшін оқу процесін ұйымдастыру, ішкі тәртіп қағидалары, білім алушының құқықтары мен міндеттері, пәндерге тіркелу тәртібі, білім алушылардың білімін ағымдағы, аралық және қорытынды бақылауды ұйымдастыру тәртібі, тыңдаушыларды оқудан шығару, тыңдаушының өзіндік жұмысы, материалдық және ақпараттық құралдарды пайдалану қағидалары туралы жалпы мәліметтерін қамтиды.

1.2. Анықтамалық-жол көрсеткішті әзірлеу кезінде келесі нормативтік-құқықтық актілер пайдаланылды:

1.2.1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;

1.2.2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексін және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2020 жылғы 29 қазандағы № 138-ө өкімі және Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 19 сәуірдегі № 74-VIII ҚРЗ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы;

1.2.3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығы;

1.2.4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде денсаулық сақтау саласында медициналық және (немесе) фармацевтикалық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы» 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-274/2020 бұйрығы;

1.2.5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін бекіту туралы» 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 бұйрығы;

1.2.9. Цикл тыңдаушыларын оқыту кезеңінде анықтамалық-жол көрсеткішпен қамтамасыз етуге үздіксіз кәсіптік білім беру институты, сондай-ақ қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын профессор-оқытушылар құрамы жауапты болады.

2. ҮЗДІКСІЗ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

Үздіксіз кәсіптік білім беру институтының қызметі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2001 жылғы 12 қарашадағы № 1068 бұйрығына сәйкес факультеттен 2001 жылғы 1 желтоқсаннан бастап құрылған.

2019 жылы 24 шілдеде «Астана медицина университеті» КеАҚ жаңа ұйымдық құрылымын бекітуге байланысты, Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген 2019 жылғы 9 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілген Үздіксіз кәсіптік даму және қосымша білім беру факультеті (ҮКДЖҚБФ) кәсіптік даму және қосымша білім беру орталығы (КДЖҚБО) болып өзгертілді.

2022 жылы «Астана медицина университеті» КеАҚ жаңа ұйымдық құрылымының бекітілуіне байланысты, Директорлар Кеңесінің №17 шешімімен 2022 жылғы 30 мамырдан бастап қолданысқа енгізілген кәсіптік даму және қосымша білім беру орталығы (КДЖҚБО) қосымша білім беру орталығы (ҚБО) болып өзгертілді, 2023 жылы жаңа ұйымдық құрылымның бекітілуіне байланысты Үздіксіз кәсіптік білім беру институты болып өзгертілді.

Үздіксіз кәсіптік білім беру институтының негізгі миссиясы: Денсаулық сақтау кадрларының кәсіптік білімдерін, біліктері мен дағдыларын қолдау, кеңейту, тереңдету және жетілдіру, сондай-ақ жаңа (қосымша) құзыреттерді игеру үшін білім беру қажеттілігін қанағаттандыру болып табылады;

Үздіксіз кәсіптік білім беру институты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актісіне сәйкес мамандықтар бойынша қосымша білім беру бағдарламаларын іске асырады

2.1. Университет пен Үздіксіз кәсіптік білім беру институтының басшылығы туралы ақпарат.

р/с	Бөлімшелер	Телефон	Т.А.Ә.
Ректорат			
1.	Ректор – Басқарма төрағасы	Қабылдау бөлмесі 53-94-24 300 nadyrov.k@amu.kz	Надыров Камалжан Талгатович
2.	Проректор, Басқарма мүшесі	53-94-27 306 gazaliyeva.m@amu.kz	Газалиева Меруерт Арыстанова
3.	Проректор, Басқарма мүшесі	Қабылдау бөлмесі 57-78-96 (343) koikov.v@amu.kz	Койков Виталий Викторович

4.	Проректор, Басқарма мүшесі	Қабылдау бөлмесі 53-94-30 bukeeva.zh@amu.kz	Жунусова Айгүл Битимбаевна
5.	Проректор, Басқарма мүшесі	saidangazin.d@amu.kz	Диас Сайданғазин Даулетбекович
Үздіксіз кәсіптік білім беру институты			
1.	Институт директорының Т.А.Ә.	Имандосова Әсем Асхатқызы	Imandossova.a@amu.kz
2.	Аға әдіскер	Абдуллина Жұпар Хайратқызы	57-78-96, 340 abdullina.zh@amu.kz
3.	Аға әдіскер	Орынбасар Гүлжәмилә Асқарқызы	57-78-96, 340 orynbassar.g@amu.kz
4.	Аға әдіскер	Казкенов Данияр Жанатұлы	57-78-96, 340 kazkenov.d@amu.kz
5.	Жетекші әдіскер	Ануарбек Жанель Бекмуратқызы	57-78-96, 340 Anuarbek.zh@amu.kz
6.	Жетекші әдіскер	Мұхтарова Индира Бағдатқызы	57-78-96, 340 mukhtarova.i@amu.kz
7.	Әдіскер	Аюпов Фархад Талғатбекұлы	57-78-96, 340 ayupov.f@amu.kz

Қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыруға «Астана медицина университеті» КеАҚ барлық кафедралары қатысады.

Кафедралар туралы ақпарат университет сайтында <https://amu.edu.kz/>, және «Біліктілікті арттыру» бөлімінде орналастырылған.

Тыңдаушыларды оқыту біліктілікті арттыру циклдары мен сертификаттау курстарын өткізудің жылдық жоспарына сәйкес жыл бойы жүргізіледі, ақпарат сайтта <https://amu.edu.kz/>, және «Біліктілікті арттыру» бөлімінде орналастырылған.

Сұрақтар бойынша білім алушы Үздіксіз кәсіптік білім беру институтына жеке өзі хабарласа алады

Абай даңғылы 47, кабинеттер 722,723.

Тел: 57-78-96, 340

Институттың жұмыс уақыты: 8.30-17.30, түскі үзіліс 12.30-13.30.

Демалыс – сенбі, жексенбі.

3. УНИВЕРСИТЕТТЕГІ ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.1. Білім беру бағдарламаларының мазмұны

«Астана медицина университеті» КеАҚ үздіксіз кәсіптік білім беру институты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес

мамандықтар бойынша қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлау бойынша білім беру қызметін жүзеге асырады:

Нормативтік сілтемелер:

3.1.1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы;

3.1.2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексін және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» 2020 жылғы 29 қазандағы № 138-ө өкімі және Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 19 сәуірдегі № 74-VIII ҚРЗ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы.

3.1.3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының «Медицина және фармацевтика кадрларының біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау қағидаларын, сондай-ақ қосымша медициналық және фармацевтикалық білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» 2009 жылғы 11 қарашадағы № 691 бұйрығы;

3.1.4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «Медициналық және фармацевтикалық қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» 2020 жылғы 22 қазандағы № ҚР ДСМ-148/2020 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының «Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттарын бекіту туралы» 2009 жылғы 26 қарашадағы №791 бұйрығы және басқалар нормативтік құқықтық актілер.

3.1.5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мамандарды қоспағанда, денсаулық сақтау саласындағы мамандар үшін біліктілік санатын беру туралы куәлікті беру және қайтарып алу қағидаларын, мерзімдерін бекіту туралы» 2015 жылғы 29 маусымдағы № 531 бұйрығы.

3.1.6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін бекіту туралы» 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 бұйрығы.

3.1.7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде денсаулық сақтау саласында медициналық және (немесе) фармацевтикалық білім

алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы» 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-274/2020 бұйрығы.

4. ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ, ТЫҢДАУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Жалпы ережелер

4.1.1. Университетте білім алушылардың Ішкі тәртіп қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) ҚР «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Ішкі еңбек тәртібінің қағидалары, Университет жарғысы және тәртіпті нығайту мақсатында өзге де нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленді.

4.1.2. Осы ереже Университетте оқитын барлық білім алушылар үшін міндетті болып табылады (бұл жерде білім алушылар деп – студенттер, интерндер, резиденттер, магистранттар, докторанттар және БА және ҚД циклінің тыңдаушылары деп түсінген жөн).

4.2. Қосымша білім беру бағдарламалары бойынша тыңдаушыларды дұрыс қалыптастыруды және оқуға қабылдауды ұйымдастыру

4.2.1. *Қайта даярлау/ біліктілікті арттыру* цикліне қабылдау үшін тыңдаушы құжаттарды цикл басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 3 күн бұрын құжаттар ұсынуы қажет:

1) қағаз түріндегі нұсқасы (мекенжайы бойынша: Бейбітшілік 49А; 801, 814, 816-каб.);

2) электрондық түріндегі нұсқасы (inpo@amu.kz электрондық поштасына)

Құжаттар:

1. Жеке куәліктің көшірмесі;

2. Медициналық оқу орнын бітіргені туралы дипломның көшірмесі;

3. Интернатураны бітіргені туралы куәліктің көшірмесі; (немесе оның өткендігін растайтын құжат: анықтама, еңбек кітапшасындағы жазба) /клиникалық ординатура, резидентура;

4. Біліктілікті арттыру циклдарына: маман сертификатының және тиісті мамандық бойынша қайта даярлау туралы куәліктің көшірмесі (интернатура мамандығы өзгерген жағдайда);

5. 2 файл, тезтікпе (құжаттарды қағаз нұсқасында ұсынған жағдайда);

6. Клиникалық базаға кіру үшін өзіңізбен бірге жеке медициналық кітапшаның (санитариялық кітапша) көшірмесі болуы тиіс;

7. Оқуға өтініш;

8. Жеке тұлғамен және заңды тұлғамен Шарттар жасасу (мемлекеттік сатып алу порталы);

9. Жеке тұлғамен Шарт жасасу құжаттарды тапсыру кезінде жасалады;

10. Заңды тұлғамен және мемлекеттік сатып алу порталы арқылы Шарт жасасу білім беру қызметтерін көрсету басталғанға дейін жасалады;

Ескерту: ұйыммен және мемлекеттік сатып алу порталы арқылы Шарт жасасу үшін жіберілетін ұйым баға ұсынысын, техникалық өзіндік ерекшелікті немесе

тақырыбы, оқу мерзімдері, цикл құны, байланыс деректері және т. б. көрсетілген оқу жолдамасын сұратады.

БЮДЖЕТТІК ЦИКЛДАР ҮШІН (қосымша):

11. Медициналық ұйымның оқуға жіберу туралы бұйрығы (ұйымның мөрі және басшының қолы қойылған)

12. Ұйым басшысының қолы және ұйымның мөрі қойылған жолдама.

5. ОҚУ АҚЫСЫН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

5.1. Ақылы білім беру қызметтерін, оның ішінде ҚБТ қолдана отырып көрсету үшін Шарт негіз болып табылады. Ұйыммен және Мемлекеттік сатып алу порталы арқылы Шарт жасасу білім беру қызметтерін көрсету басталғанға дейін жасалады.

5.2. Шарт жасасу үшін, оның ішінде біліктілікті арттыру және қайта даярлау бойынша ҚБТ қолдану арқылы Тапсырыс беруші Үздіксіз кәсіптік білім беру институтына жүгінуге тиіс, онда баға ұсынысын, техникалық өзіндік ерекшелікті немесе тақырыпты, оқу мерзімдерін, цикл құнын, байланыс деректерін және т. б. көрсете отырып, оқуға жолдама алады.

5.3. Жеке тұлғамен біліктілікті арттыру және қайта даярлау, мастер-класта, тренингіде, семинарда оқыту бойынша Шарт бекітілген нысандарға сәйкес 2 данада ресімделеді.

5.4. Заңды тұлғамен біліктілікті арттыру және қайта даярлау, мастер-класс, тренинг, семинар білім беру қызметтеріне мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жасалатын Шарт жеке тұлғамен шарт сияқты тыңдаушымен де жеке-жеке ресімделеді.

5.5. Заңды тұлғамен қағаз тасымалдағышта жасалатын Шарт Үздіксіз кәсіптік білім беру институтында 2 данада тіркеледі, 1-данасы Университеттің бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімінде сақталады, Шарттың 2-данасы заң ұйымына беріледі.

5.6. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, маман даярлау туралы Шартты өзгерту Тараптардың келісімі бойынша мүмкін болады.

5.7. Оқу үшін Университеттің есеп айырысу шотына ақша аударған кезде банк қызметтерінің құнын Тапсырыс беруші өз есебінен төлейді. Қызметтерге ақы төлеуді Тапсырыс беруші Университетке төлемді растайтын тиісті құжатты (төлем тапсырмасын/түбіртек) ұсыну арқылы куәландырады.

5.8. Білім беру қызметтерінің құны оқыту нысаны мен сағат көлемін ескере отырып, қызметтердің нақты түріне арналған «АсМУ» КеАҚ бағасының прејскуранты негізінде айқындалады.

5.9. Ақылы білім беру қызметтеріне, оның ішінде қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып тыңдаушыларды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі бағалар прејскуранты Университет Басқармасының шешімімен бекітіледі.

5.10. Тапсырыс беруші / заңды тұлға Шартқа қол қойылған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде Орындаушының есеп шотына 100% мөлшерінде алдын ала төлем жүргізеді. Төлемнің басқа түрлері мемлекеттік мекемелермен жасалған Шарттарда және төлем тәртібі Шарттың өзінде (орындалған жұмыстар актісінен кейін) жазылған мемлекеттік сатып алу порталы арқылы мүмкін болады.

5.11. Төлемнің қалған шарттары Шарт нысандарында жазылып, Университеттің www.amu.kz сайтында, «Дәрігерге» бөлімінде орналастырылған.

6. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАР ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

6.1. Тыңдаушының құқығы бар:

6.1.1. Оқу жүйесінде сабақ кестесін және силлабус алуға;

6.1.2 Осы Шартта көзделген мерзімдерге және талаптарға сәйкес орындаушыдан сапалы және уақтылы қызмет көрсетуді (жұмыстарды орындауды) талап етуге;

6.1.3 Көрсетілетін қызметтердің (Орындалатын жұмыстардың) сапасын тексеруге және техникалық ерекшелікте көрсетілген шарттарға сәйкес келмеген жағдайда Қызметтерді (жұмыстарды) қабылдамауға;

6.2 Тыңдаушы міндетті:

Білім беру саласындағы оқу процестерін, оларды ұйымдастыру мен өткізуді реттейтін нормативтік актілердің талаптарын орындау.

6.2.1. Таңдалған мамандық бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды жүйелі және терең меңгеру;

6.2.2. Оқу сабақтарының барлық түрлеріне, оқу сабақтарына қатысу және оқу жоспары мен бағдарламаларында көзделген тапсырмалардың барлық түрлерін белгіленген мерзімде орындау;

6.2.3. Университеттің оқытушылары мен басқа да қызметкерлерінің арнамысы мен қадір-қасиетін құрметтеу;

6.2.4. Қоғамдық орындарда мінез-құлық нормаларын сақтау, жалпы қабылданған моральдық және этикалық нормаларды сақтау, болашақ дәрігердің моральдық келбетіне сәйкес келмейтін заңсыз әрекеттерге жол бермеу, университеттің іскерлік беделін, абыройы мен беделін сақтау;

6.2.5. Жеке дайындықпен айналысу, кітапханада өз бетінше жұмыс істеу, клиникалық мамандықтар бойынша қайта даярлау циклдарында кафедраға бекітілген базалық емдеу мекемелерінде кезекшілік ету;

6.2.6 Университеттің мүлкіне ұқыпты қарау, оны ұтымды пайдалану, залалдың алдын алу шараларын қабылдау. Залал келтірілген жағдайда келтірілген залалды ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен өтеуге міндетті;

6.2.7. Өзімен бірге жеке куәлігі, Университеттің оқу корпусарында және клиникалық базаларына кіру (шығу) және болу құқығына рұқсаттама болуы, оларды мекемеге кірген кезде көрсетуі тиіс;

6.2.8. «Медицина қызметкерін қайта даярлау/ біліктілігін арттыру циклін өткізуге арналған шартта» айқындалған қаржылық міндеттемелерді орындау;

6.2.9. Оқу орнын, оқу жабдықтарын тәртіп пен тазалықта ұстау, оқу аудиторияларында, үй-жайларда, клиникалық бөлімшелерде және басқа да құрылымдық бөлімшелерде тазалықты сақтау, университет аумағында қоғамдық тәртіпті сақтау;

6.2.10. Арнайы ережелер мен нұсқаулықтарда көзделген қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, өндірістік санитария, еңбек гигиенасы және өртке қарсы қорғау ережелерін сақтау.

7. БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

7.1.1. Мінез-құлықтың жалпы қабылданған этикалық нормаларын бұзуға;

7.1.2. Балағат сөздерді қолдануға, қорлауға, физикалық зорлық-зомбылықпен қорқытуға немесе оқушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін басқа әрекеттерге жасауға;

7.1.3. Қызметкерлер мен білім алушыларды құрметтемеуге, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға;

7.1.4. Заң бойынша қудаланатын ақпаратты орналастыруға және таратуға;

7.1.5. Университет аумағында қандай да бір тәртіпсіздіктердің бастамашысы болуға, тиісті рұқсатсыз хабарландырулар мен көрнекі үгіт-насихат жүргізуге;

7.1.6. Оқу және дәріс аудиторияларында, зертханаларда, кітапханада және университеттің клиникалық базаларындағы тыныштық пен тәртіпті бұзуға;

7.1.7. Мас күйінде болуға, алкогольдік ішімдіктер ішуге, есірткі, уытты және психотроптық заттарды тұтынуға және таратуға, құмар ойындар ойнауға;

7.1.8. Университеттің клиникалық базаларында, сондай-ақ іргелес аумақта оқу ғимараттарында темекі шегуге;

7.1.9. Үй-жайларда (оқу аудиторияларында, дәріс залдарында, акт залында, кітапханада, асханада) бас киіммен және сыртқы киімде болуға;

7.1.10. Университеттің мүлкіне зиян және зақым келтіруге;

7.1.11. Университет қабырғасында ақылы қызметтерді немесе тауарларды ұсынуға;

7.1.12. пара берумен не алумен (сыйлықтар беру, кез келген түрдегі сыйақы беру, сондай-ақ пара беру үшін делдалдық қызметтер көрсету) ұштасатын іс-әрекеттер жасауға;

7.1.13. Университетте шолақ шалбармен, майкамен, спорттық киіммен жүруге (дене шынықтыру, спорт сабақтарын қоспағанда), шәркеймен, сланцымен жүруге, сондай-ақ ашық жерлерге пирсинг тағуға;

7.1.14. Ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау кезінде ұялы байланыс құралдарын, шпаргалкаларды, микроқұлаққаптарды немесе басқа да гаджеттерді қолда ұстауға, пайдалануға;

7.1.15. Басқа білім алушының орнына ағымдық, аралық және қорытынды бақылауды тапсыруға **тыйым салынады.**

8. ОҚУ ҮДЕРІСІНІҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ

8.1.1. Сабақ кестесіне сәйкес пәндер бойынша оқу сабақтарына қатысу міндетті.

8.1.2. Тыңдаушыға сабақтарға, дәрістерге кешікпеуі керек. Білім алушылардың сабақ басталғаннан кейін аудиторияға кіруі оқытушының рұқсатымен жүргізіледі.

8.1.3. Оқу сабақтары, дәрістер кезінде ұялы телефондар мен басқа да байланыс құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

8.1.4. Дәлелсіз себептермен сабақты өткізіп алған жағдайда білім алушы рұқсат алу үшін Үздіксіз кәсіптік білім беру институты директорының атына түсіндірме жазба жазады.

8.1.5. Қатыспаған (дәлелді және дәлелсіз себептермен) барлық сабақтар тегін негізде пысықталады.

8.1.6. Қатыспаған сабақтарды өтеу сабаққа шыққаннан кейін 5 күнтізбелік күн ішінде пысықталады.

8.1.7. Оқу тәртібін бұзған, яғни біліктілікті арттыру циклдары мен сертификаттау курстарында 30 сағат/1 кредит және одан да көп көлемде дәлелсіз себептермен қатыспаған тыңдаушылар (Университеттің Академиялық саясатына сәйкес) оқудан шығарылуға жатады.

8.1.8. Жиі кешігіп келетін, дәрекілік танытатын, сабаққа алкогольдік немесе есірткілік мас күйінде келген және «АсМУ» КеАҚ Ішкі тәртіп ережелерінің басқа да талаптарын бұзған білім алушы оқудан шығарылуға жатады.

8.1.9. Оқу процесі аяқталғаннан кейін тыңдаушыға біліктілігін арттыру туралы куәлік және белгіленген үлгідегі нысан бойынша маман игерген білім мен дағдылардың тізбесін қамтитын сертификаттау курсы туралы куәлік (транскрипт) (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығына сәйкес) қосымша білім беру құжаты біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламаларын және (немесе) сертификаттау курсының қорытынды бақылаудың оң нәтижесі (шекті балдан жоғары) негізінде беріледі.

8.1.10. Біліктілікті арттыру туралы куәлік және қосымшасы бар сертификаттау курсы туралы куәлік (транскрипт) <http://cert.amu.kz/> сайты арқылы сондай-ақ Университеттің ресми сайты арқылы <https://amu.edu.kz/> / «**Біліктілікті арттыру**» бөлімінде «**Сертификаттарды іздеу**» бөлімінде электронды түрде беріледі.

8.1.11. Денсаулық сақтау саласының біліктілігін арттыру туралы куәліктер мен сертификаттау курстарын беру Қазақстан Республикасының электрондық лицензиялаудың мемлекеттік порталы <https://elicense.kz> арқылы жүзеге асырылатын болады.

9. БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ БАСТАПҚЫ, АҒЫМДАҒЫ, МЕЖЕЛІК ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

9.1.1. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау әртүрлі нысандарда жүзеге асырылады, қосымша білім беру бағдарламалары тыңдаушыларының бастапқы (бастапқы) білім деңгейін анықтау үшін – базалық, оқу кезінде – ағымдағы, оқу аяқталғаннан кейін – кафедралар дербес айқындайтын қорытынды бақылау жүргізіледі.

9.1.2. Тыңдаушылардың оқу жетістіктері (білімдері, біліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық баламасы бар әріптік жүйеге сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша балдармен бағаланады (оң бағалар, кемуіне қарай «А»-дан «D»-ға дейін және «қанағаттанарлықсыз» - «FX», «F»,) және СК білім беру бағдарламалары үшін дәстүрлі жүйе бойынша бағаланады [2].

9.1.3. Бастапқы бақылау-ұзақтығы 54 сағаттан және одан асатын біліктілікті арттыру циклдары тыңдаушыларының бастапқы (бастапқы) білім деңгейін анықтау үшін жүргізіледі, сондай-ақ, қайта даярлау циклдары үшін – базистік, оқу кезінде – ағымдағы, оқу аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

9.1.4. Үлгерімді ағымдағы бақылау – оқу сабақтарын жүргізетін оқытушы жүргізетін оқу пәнінің әрбір тақырыбы және/немесе бөлімі бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін жүйелі тексеру;

9.1.5. Аралық бақылау – бір оқу пәнінің бөлімін (модулін) аяқтағаннан кейін білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау;

9.1.6. Қорытынды бақылау тестілеу, әңгімелесу, симуляциялық технологияларды қолдану, сондай-ақ біліктілікті арттыру циклі оқытушысының жетекшілігімен пациенттермен жұмыс, сертификаттау курстары түрінде жүзеге асырылатын бақылау түрі. Біліктілікті арттыру циклдеріндегі қорытынды бақылау нысанын білім беру ұйымы дербес анықтайды.

9.1.7. Тыңдаушылардың қорытынды бақылауын «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығында көзделген тәртіппен сертификаттау курстарының бағдарламалары бойынша Бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйым жүргізеді (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21763 болып тіркелген).

1) тестілеу (100 сұрақтан кем емес);

2) симуляциялық технологияларды қолдана отырып, мамандық бейіні бойынша практикалық дағдыларды бағалау.

Қорытынды бақылау тыңдаушының аудиториялық және аудиториядан тыс (өзіндік) жұмысын игеруді бақылауды қамтиды.

9.1.8. Қорытынды бақылауға теориялық және практикалық курсты сабақ кестесі мен білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес толық аяқтаған білім алушылар жіберіледі.

9.1.9. Қорытынды бақылау бойынша оң бағаны аттестаттау кезеңінде жоғарылату мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

9.1.10. Қорытынды бақылау бағасын (ҚББ) емтихан алушы (кафедра) ҰТЕО хаттамасын толтырумен қояды.

10. АПЕЛЛЯЦИЯ

10.1.1. Емтихан нәтижелерімен келіспеген жағдайда жетекшілік ететін проректордың атына апелляция беріледі;

10.1.2. Апелляциялық шағымда келесі визалар болуы керек:

- 1) Үздіксіз кәсіптік білім беру институтының директорының;
- 2) Кафедра меңгерушісінің.

10.1.3. Оң шешім қабылданған жағдайда Институт директоры пәндік апелляциялық комиссияның құрамы және апелляцияға жіберілген білім алушылардың тізімі туралы өкім шығарады. Өкімде апелляцияны өткізу мерзімі көрсетіледі.

10.1.4. Пәндік апелляциялық комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді. Апелляция нәтижелері бойынша алынған баға білім алушының жеке емтихан ведомосіне енгізіледі.

10.1.5. Пәндік апелляциялық комиссияның хаттамасы Институтта, көшірмелері кафедрада сақталады, жеке емтихан ведомосы офис-тіркеуші бөліміне тапсырылады.

10.1.6. Апелляция беріледі, егер емтихан / тестілеу кезінде:

- 1) тест тапсырмаларында дұрыс жауап жоқ болса;
- 2) тест тапсырмаларында бірнеше дұрыс жауаптар болса;
- 3) тест тапсырмалары оқу бағдарламасының шегінен шықса;
- 4) тест тапсырмалары дұрыс аударылмаған болса (бір тілден екінші тілге);
- 5) тест тапсырмалары дұрыс құрастырылмаған болса.

10.1.7. Ауызша емтихан кезінде:

- 1) сұрақтар оқу бағдарламасынан тыс болса;
- 2) сұрақтар дұрыс аударылмаған болса (бір тілден екінші тілге);
- 3) сұрақ дұрыс құрылмаған болса.

Ескерту: Білім алушының және емтихан алушының қолы қойылған білім алушының жауап парағы болуы тиіс.

10.1.8. Жазбаша емтихан кезінде:

- 1) сұрақтар оқу бағдарламасынан тыс болса;
- 2) сұрақтар дұрыс аударылмаған болса (бір тілден екінші тілге);
- 3) сұрақ дұрыс құрылмаған болса.

Ескерту: Білім алушы мен емтихан алушының қолы қойылған жауап парағы болмаған жағдайда өтініш қаралмайды.

10.1.9. Егер емтихан – ОҚКЕ (объективті құрылымдалған клиникалық емтихан) болса:

- практикалық дағдыларды тапсыру үшін станцияның техникалық қамтамасыз етілуі толық болмаса.

11. ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ БАҒАЛАУ ТӘРТІБІ

11.1.1. Қорытынды бақылау – тыңдаушылардың мамандық бойынша білімі мен дағдыларын меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім..

11.1.2. Қорытынды бақылауға оқу жұмыс жоспары мен оқу жұмыс бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім беру процесін толық аяқтаған білім алушылар жіберіледі..

11.1.3. ЖОО-да білім алушыларды қорытынды бақылау пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарда көзделген мерзімде жүргізіледі.

11.1.4. Дәлелді себептермен бекітілген кестеге сәйкес қорытынды аттестаттауға келмеген білім алушы жетекшілік ететін проректордың атына өтініш жазып, емтиханға келмеу себебін растайтын құжатты ұсынады және оның рұқсаты бойынша емтиханды басқа күні тапсыра алады.

11.1.5. Қорытынды бақылаудан өтпеген тұлға қорытынды аттестаттауды қайта тапсыруға рұқсат беру туралы өтініш жазады.

11.1.6. Қайта қорытынды бақылауға жіберуге институт директоры және жетекшілік ететін проректор бұрыштама қояды.

11.1.7. Тыңдаушыларды базалық және ағымдағы бақылауды Білім беру ұйымы жүргізеді. Тыңдаушылардың қорытынды бақылауын «Денсаулық сақтау саласындағы білім беру бағдарламалары білім алушыларының білімі мен дағдыларын бағалау, түлектерінің кәсіптік даярлығын бағалау, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кәсіптік даярлығын бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-249/2020 бұйрығында көзделген тәртіппен сертификаттау курстарының бағдарламалары бойынша Бағалау жөніндегі аккредиттелген ұйым жүргізеді (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21763 болып тіркелді).

11.1.8. Қорытынды бақылаудан өткен, Қосымша білім берудің тиісті кәсіптік оқу бағдарламасын меңгергенін растаған білім алушыларға автоматтандырылған жүйе арқылы белгіленген үлгідегі құжат беріледі (sert.amu.kz):

1) сертификаттау курстарынан өткен тыңдаушыларға – маман игерген білім мен дағдылардың тізбесін қамтитын қосымша (транскрипт) бар сертификаттау курсы туралы куәлік беріледі.

2) біліктілікті арттыру циклынан өткен тыңдаушыларға – біліктілікті арттыру туралы куәлік беріледі.

3) семинарларда, тренингілерде (мастер-кластарда) оқудан өткен тыңдаушыларға сертификат беріледі.

12. ТЫҢДАУШЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ

12.1. Жалпы ережелер

12.1.1. Тыңдаушының өзіндік жұмысы (СӨЖ) – өз бетінше оқуға бөлінген тақырыптардың белгілі бір тізімі бойынша жұмыс. СӨЖ тестілеу, клиникалық ситуациялық тапсырмалар, рефераттар, есептер түрінде бақыланады.

12.1.2. Оқыту әдістері – әдебиеттермен, электронды мәліметтер базасымен және компьютерлік оқыту бағдарламаларымен жұмыс, ситуациялық тапсырмаларды шешу, тест тапсырмаларын шешу, реферат дайындау және оны қорғау, муляждармен жұмыс, бөлімде жұмыс істеу, куратормен кезекшілік, операцияларға қатысу, конференцияларға қатысу, өз бетінше оқу тақырыптары бойынша оқытушымен кеңесу және т. б.

12.1.3. СӨЖ жүргізудің тақырыптары мен нысандары тақырыптық жоспарға сәйкес жасалады.

12.1.4. СӨЖ тақырыптарының сұрақтары межелік бақылауға, сондай-ақ қорытынды бақылаудың емтихан билеттеріне шығарылады.

13. МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

13.1. Кітапхана

13.1.1. Үздіксіз кәсіптік білім беру институтының тыңдаушыларына Университет кітапханасының материалдары мен ақпараттық ресурстарын пайдалануға және медициналық, ғылыми және электрондық каталогтарды пайдалануға мүмкіндік беріледі.

Кітапхана Бейбітшілік көшесі, 53 мекенжайының 1-қабатында орналасқан.

14. САЙТ

14.1.1. Университеттің ресми сайты www.amu.kz. Сайтта тыңдаушылар үшін арнайы құрылған «Дәрігер» бөлімі жұмыс істейді, онда өткізілетін циклдар туралы, оқу құны туралы ақпарат (баға прејскуранты), оқуға арналған құжаттар тізбесі, оқуға арналған өтініш шаблон, қосымша білім беру бойынша білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарттардың шаблондары (заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар үшін), пәндердің оқу-әдістемелік кешендері, тестілер, цикл тыңдаушыларына арналған факультет кафедралары туралы ақпарат орналастырылған. Тыңдаушыларды қашықтықтан оқытуға арналған сайт жұмыс істейді (amu.edu.kz).

15. ТЫҢДАУШЫЛАРМЕН КЕРІ БАЙЛАНЫС

15.1.1. Шағымдармен, өтініштермен және ұсыныстармен жұмыс істеу – ұйымды үздіксіз жетілдірудің негізгі процестерінің бірі. Университетке түсетін жазбаша өтініштер түзету шаралары мен талдау жүргізу үшін бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың қарауына бөлінеді.

15.1.2. Сонымен қатар, Университетте тұтынушыларды тікелей қабылдау рәсімі, сондай-ақ www.amu.kz корпоративтік сайтында Университет Ректорының және Үздіксіз кәсіптік білім беру институты директорының блогтары жұмыс істейді. Университетте үздіксіз жұмыс істейтін және әлеуметтік маңызы бар қызметтердің маңызды түрлерінің бірі болып табылатын сенім жәшіктері, сенім телефоны жұмыс істейді.

15.1.3. МИЖ процестерінің жұмыс істеуі шеңберінде СУ-МУА-12-12 «Кері байланыс мониторингі» Университет стандартына сәйкес тыңдаушылармен тікелей өзара іс-қимыл жасайтын бөлімшелер «Сириус» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі, edu.amu.kz. «Сауалнама» модулі арқылы сауалнама негізінде сапамен қанағаттанушылықты анықтау, студенттердің пікірлері мен ұсыныстарын жинау және т. б. бойынша жұмыс жүргізеді.

16. «АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» ҚЕАҚ КОРПУСТАРЫ МЫНА МЕКЕНЖАЙЛАРДА ОРНАЛАСҚАН::

- 1. Абай даңғылы, 47 – 52** автобус жүреді;
- 2. Бейбітшілік к-сі, 49** – теміржол вокзалы мен автовокзалдан «Астана медицина университеті» аялдамасына дейін №9, 10, 19, 23, 33 автобустар, әуежайдан №10 автобус жүреді;
- 3. Бейбітшілік к-сі, 51** – теміржол вокзалы мен автовокзалдан «Астана медицина университеті» аялдамасына дейін №9, 10, 19, 23, 33 автобустар, әуежайдан №10 автобус жүреді;
- 4. Бейбітшілік к-сі, 53** – теміржол вокзалы мен автовокзалдан «Астана медицина университеті» аялдамасына дейін №9, 10, 19, 23, 33 автобустар, әуежайдан №10 автобус жүреді;
- 5. Сарыарқа к-сі, 33** – теміржол вокзалы мен автовокзалдан «Музыкалық академия» аялдамасына дейін № 2, 12, 21, 25, 29, 31, 39, 40, 117 автобустар жүреді.

«Астана медицина университеті» ҚеАҚ жұмыс кестесі:

Дүйсенбі – жұма 8.30-17.30, түскі үзіліс 12.30-13.30 (әкімшілік-басқару персоналы үшін)

Кафедралар сабақтар: дүйсенбі – жұма 8.00

Сенбі, жексенбі – демалыс күндері